

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
«6D021300 – Лингвистика» мамандығы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін жазылған Қасымбекова
Анар Талғарбекқовнаның «Қазақ және ағылшын ертегілеріндегі
концептуалды ғалам бейнесі» тақырыбындағы диссертациялық
жұмысына
рецензент А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының бас
ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының докторы
Жаңабекқова Айман Әбділдақызының

ШКІРІ

1 Зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практикалық және ғылыми техниканың сұраныстарына) байланысы

Қазіргі лингвистикадағы ғылыми парадигма тілді адамтану бағытында зерттеуге бағытталып, нәтижесінде тілдік нысандар ғылым салаларымен кең астастықта қарастырыла бастады. Құрылымдық лингвистикадан ерекшелігі антропоөзектік бағыттағы зерттеулерде тіл формальді модель тұрғысынан ғана емес, тірі тіл ретінде адамның болмысымен, дүниетанымымен, психологиясымен, қоғамдағы орнымен т.б. байланысты зерттелу мүмкіндігіне ие болды. Бұл бағыт тек тілші мамандарға ғана емес, қарапайым халық өкіліне болмысты танытудың күшті құралына айналды. Әсіресе, әр халықтың ұлттық дүниетанымын ашуда салыстырмалы әдістің рөлі ерекше. Бір тіл негізінде жүргізілген зерттеулердің өзінде ұлттық ерекшеліктерді тану үшін екінші бір тілдермен салыстыру қажеттігі туындайды. Салыстырмалы, салғастырмалы әдістер арқылы тілдің құрылымдық типологиясын ғана емес, ұлттық дүниетанымдық ерекшеліктерін анықтау мүмкіндігі туды. Осы ретте А.Т.Қасымбекқовнаның қазақ және ағылшын тілдеріндегі ертегілерді салғастырмалы зерттеуі екі ұлттың дүниетанымдық ерекшеліктерін айқындауға мүмкіндік береді, ертегі дискурсы арқылы екі тілдің бүкіл ұлттық болмысын, сана-сезімін, ерте кездегі екі ұлттың аңғал болмысын тануға мүмкіндік береді.

Қасымбекқова Анар Талғарбекқызының диссертациядағы ерекше атап өтетін маңызды мәселесі – ғаламның концептуалды бейнесі мен ғаламның тілдік бейнесі деген ұғымдардың арақатынасын ашып көрсетуі болып табылады. Олай дейтін себебіміз, әдетте лингвистикалық зерттеулерде когнитивтік лингвистика саласы бойынша жазылған еңбектерде бұл екі ұғымның арасы соншалықты сараланып, жіктеліп қарастырыла бермейтін. Ғаламның тілдік бейнесі, дүниенің тілдік бейнесі тұрғысынан ғана сөз болатын. Осы ретте Анар Талғарбекқызының жаңалықтарының бірі әрі тақырып өзектілігін ашатын фактор – осы екі ұғымның аражігін жіктеп, саралап көрсетіп беруі деуге болады.

2 Ізденушінің диссертацияда тұжырымдаған әрбір нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық дәрежесі

Ізденуші диссертациялық жұмыста когнитивтік лингвистикадағы ғаламның тілдік бейнесі ұғымын зерттеу жұмысының теориялық аппараты ретінде негізге алады. Диссертант бұл ретте аталған терминдердің 3 түрлі аталымы мен олардың аражігін ашуға ұмтылады. Олар:

- 1) Ғалам бейнесі;
- 2) Ғаламның концептуалды бейнесі;
- 3) Ғаламның тілдік бейнесі.

«Ғалам бейнесі – үнемі өзгеріске ұшырап отыратын объективтік шындық, ал ғаламның концептуалды бейнесі – ақиқат болмыстың интерпретацияланған түрі, ол концептілер жүйесінен тұрады және вербалды формаға ие бола алады. Ғаламның концептуалды бейнесінің вербалданған бөлігін ғаламның тілдік бейнесі деп атаймыз» деп үш ұғымды осылайша бірінен-бірі туындатып, бірлікте қарастырады. Сонымен қатар ізденуші «ғаламның концептуалды бейнесі ғаламның тілдік бейнесіне қарағанда әлдеқайда күрделі құрылымды сипаттайды», «ғаламның тілдік бейнесі концептуалды бейненің бір бөлігі болып табылады» - дейді.

Осы мәселеде диссертанттың тағы бір маңызды тұжырымдарының бірі: «Ғаламның концептуалды бейнесі тілдік бейнеге қарағанда тұрақты түрде өзгеріп отырады, бірақ ғаламның тілдік бейнесінің кейбір жекелеген үзінділері ұзаққа сақталады және әр халықта ғаламның тілдік бейнесі әртүрлі болады», ал бұл дегеніміз дейді - диссертант – нақты бір тіл иелерінің шындық болмысты қабылдап, игерудегі мәдени-ұлттық ерекшеліктеріне байланысты. Осылайша, диссертант зерттеу жұмысында ғаламның тілдік бейнесінің әр халық тілінде әртүрлі қабылдануын негізге ала отырып, қазақ және ағылшын ертегілері арқылы көрінетін ұлттық ерекшеліктерді айқындау мақсатын негіздейді. Осы ретте диссертант зерттеуге алған тақырыбының теориялық алғышартын, теориялық негіздерін дұрыс берген деп санадық.

Сонымен қатар диссертацияның өн бойына үстіңгі және терең құрылымдарды өзек етіп алады. Үстіңгі құрылым деп екі тілдегі (жалпы әлем тілдеріндегі) қиял-ғажайып ертегілеріне тән ортақ ерекшеліктерді атаса, терең құрылымға әр тілдегі ұлттық ерекшеліктерді жатқызады. Бұл ретте Н.Хомскийдің және В.Я.Проптың теорияларын басшылыққа алады.

Осы ретте ізденушінің ғалам бейнесі мен оның үстіңгі және астыңғы құрылым теориясы зерттеу нәтижелері мен жасалған тұжырымдарға негіз болып, олардың шынайылық дәрежесін дәйектей түседі.

3 Ізденушінің диссертацияда тұжырымдаған әрбір ғылыми нәтижесі мен қорытындысының жаңалық дәрежесі

Ізденуші диссертацияда қазақ және ағылшын мәдениетіндегі ертегі сюжеттерін салыстыра отырып, олардың көптеген ерекшеліктерін анықтаған. Мәселен: - ағылшын ертегілерінде қазақ және басқа елдердің ертегілеріне қарағанда бәрі шынайы болып көрінеді. Басты кейіпкер өз өмірін құрбан етіп, жамандықпен, зұлымдықпен күреске арнайды. Алайда

бұл үнемі жеңіске жететін ертегі батырының ерлігі емес, ол қарапайым адамның зұлымдықпен шайқасы»; - «ағылшын ертегілерінің кейіпкері көбіне бала болып келеді»; - «ағылшын ертегілерінде жан-жануарлар ішінен аққу мен аттың орны ерекше» т.б. Сонымен қатар диссертант ағылшын ертегілерінде «су кеңістігінің» қазақ ұғымындағы «дала» концептісімен тең келетінін айтады. Ағылшын ертегілерінде осы ұғыммен байланысты, «су апаты», «су рухтары», «су перісі» «теңіз жағасы», «су асытндағы үй», «су асты әлемі», «су айдыны» сияқты желістері көп кездеседі. Тіпті «су айдыны» ағылшын ертегілерінде өмір мен өлімнің шегарасы іспетті. «Су айдыны» - кейде фантазиялық тіршілік иелерінің мекені» дей келе, ағылшындар үшін «су кеңістігі» аса маңызға ие болатын болса, қазақ ертегілері үшін «жерасты» кеңістігінің рөлі ерекше дейді. Мәселен, «Ер Төстік» ертегісінде кейіпкерлері жер асты мен үстінде бірдей жүреді.

Әрі қарай диссертант қазақ және ағылшын ертегілерінің құрылымдық жүйесін салыстырады: «Ағылшын қиял-ғажайып ертегілері қазақ ертегілері секілді бастама, сюжет дамуы, кульминация және түйін секілді құрылымдардан тұрады. Сол сияқты мазмұндық құрылым жағынан қиял-ғажайып ертегілерінің слоттарын 23 түрде санамалап көрсетеді. «Қазақ ертегілерінің көп жағдайда мал жоғалуымен немесе оны біреу айдап кетуімен немесе жұт сияқты табиғаттың қолайсыз құбылыстарымен басталады да, басты кейіпкер оны не жалғыз өзі не бауырларымен іздеуге аттанады» (Ер Төстік)». «Ағылшын ертегілерінің басым көпшілігінде басты кейіпкер дүниені кезіп, белгілі бір оқиғаларды бақылап жүреді.

Әрі қарай диссертант ағылшын ертегілеріндегі ерешеліктерді талдап көрсетеді.

Диссертацияның екінші тарауында қазақ және ағылшын қиял-ғажайып ертегілерін үстіңгі және терең құрылым ұғымдары аясында қарастырады. Терең құрылымдар деп слоттардан құралатын фреймдер мен сценарийлер деп көрсетеді және екі тілдегі ертегілерді осы тұрғыдан талдайды. Үстіңгі құрылымдарды эмбебап матрица деп атайды. Әрі қарай ізденуші тіл ғылымындағы фрейм, сценарий т.б. концептінің құрылымдық бірліктері туралы айтылған тұжырымдарды талдай келе, «фреймдер – білімнің статикалық конфигурациясы болса, сценарийлер – білімнің динамикалық құрылымдары» деп көрсетеді. Фрейм нақты деректі сипаттайды, сценарий оқиғалар желісімен тығыз байланысты. Әрі қарай диссертант екі тілдегі ертегі сюжеттерін осы сценарийлік талдаулар арқылы қарастырады. Келесі тармақшаларда екі тілдегі қиял-ғажайып ертегілерінің уақыт пен кеңістік ұғымдарымен байланысын көрсетеді. «барлық қиял-ғажайып ертегілерінде ертегі уақыты нақты уақытқа сәйкес келмейді»; «ертегі дискурсы жас оқырмандарды ғажайып әлемге жетелейді және онда олар шынайы уақытты ұмытып, ертегі уақытымен бірге жүреді».

Диссертацияның үшінші тарауында сценарийлер бойынша терең құрылымдар тағы да талданады. Келесі бөлімінде ертегі кейіпкерлері – жалқы есімдер салғастырыла қарастырылады. «Ағылшын ертегілерінде қиял-ғажайып ертегілерінің басты кейіпкері, үйдің кішісі – «Джек». Ол

америкалық кейіпкер болып, ағылшын ертегілеріне де енеді. Үйдің кішісінің ертегі кейіпкеріне айналуы ол қазақ ертегілеріне де тән («Ер Төстік»). Әрі қарай диссертацияның соңғы тақырыбында сандардың ертегілердегі концептуалдануы қарастырылады. Диссертанттың зерттеуінше, 3 саны барлық халыққа ортақ үстіңгі құрылымға жатады. Бұл сан ағылшындарда да, қазақтарда да ертегілерде орын алады. 6,7, 9, 12, 30, 40 сандарының ертегілер желісіне алынып, ғалам бейнесін танытатын үзіктері сипатталады.

Жалпы диссертацияның мазмұны жоғарыда аталғандай. Құрылымы жағынан тақырыптар байланысты, стилі жатық, алынған ғылыми нәтижелері салмақты, тұжырымдары жеткілікті.

4 Ізденушінің алған нәтижелерінің тиісті өзекті мәселені, теориялық немесе қолданбалы міндетті шешуге бағытталатындығы

Диссертацияда ғаламның концептуалды бейнесі мен ғаламның тілдік бейнесі терминдерінің айырым ерекшелігі туралы тұжырымдарды, сондай-ақ үстіңгі және астыңғы құрылымдар бойынша зерттеу әдісін ғылыми айналымға енгізу қажет деп санаймыз.

Зерттеу жұмысы барысында докторанттың қол жеткізген нәтижелерін жоғары оқу орнының студенттеріне «Когнитивтік лингвистика», «Концептология», «Салғастырмалы лингвистика», «Тіл білімінің өзекті мәселелері», «Лингвомәдениеттану» т.б. пәндерінде пайдалануға болады.

Ізденушінің зерттеу барысында қол жеткізген нәтижелері теориялық тұрғыдан да, практикалық тұрғыдан да маңызды болып табылады. Зерттеудің теориялық нәтижелерін гуманитарлық бағыттардағы мамандықтарда, атап айтқанда, филолог, тілші, сондай-ақ әдебиеттанушы мамандарға қажетті көмекші оқу құралдары ретінде пайдалануға болады. Және магистранттар мен докторанттардың ғылыми ізденістеріне бағыт-бағдар беретін дәрістер жинағы ретінде де пайдалануға болады.

5 Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануына растама

Ізденуші Қасымбекова Анар Талғарбековнаның зерттеу тақырыбы бойынша диссертацияның негізгі қағидалары мен тұжырымдары отандық және шетелдік халықаралық ауқымдағы ғылыми-теориялық және ғылыми-практикалық конференцияларда, алыс-жақын шетелдік басылымдарда, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған басылымдарда, Scopus ақпараттар базасына енетін импакт-факторлы журналда жарияланған.

6 Диссертацияның мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кеткен кемшіліктер мен ескертпелер

Ғылыми жұмыс кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан, пайдаланған әдебиеттер тізімінен тұрады. Зерттеу еңбектің мазмұны мен құрылымы диссертациялық жұмысқа қойылатын талапқа сай рәсімделген.

Дегенмен диссертацияның жалпы құрылымы мен мазмұнына, рәсімделуіне қатысты төмендегідей кемшіліктерді де атай кеткен жөн:

- зерттеу жұмысының тақырыбы қазақ және ағылшын ертегілеріндегі ғаламның тілдік бейнесі деп аталады, ал ішкі мазмұнда негізінен ертегінің бір

түрі – қиял-ғажайып ертегілері қарастырылған. Тақырыпқа жақша ішінде қосу керек немесе кіріспе бөлімінде қиял-ғажайып ертегілерінің нысанға алынатыны туралы ақпарат беріп кету керек;

- кіріспе бөлімінде зерттеу әдіснамасы деген тармақты көрмедік;

- жұмыс барысында стильдік, орфографиялық қателіктер кездесетіндігі байқалды.

Алайда, аталған сын-ескертпелер диссертациялық зерттеудің мазмұнына, теориялық құндылығына нұқсан келтірмейді.

7. Диссертацияның Ғылыми дәрежелер беру Ережелерінің талаптарына сәйкестігі

Қорыта келгенде, Қасымбекова Анар Талғарбековнаның «6D02300 – Лингвистика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін жазылған «Қазақ және ағылшын ертегілеріндегі концептуалды ғалам бейнесі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысының «Ғылыми дәрежелер беру Ережелерінің» талаптарына толық сай келетіндігін ескере отырып, Қасымбекова Анар Талғарбековнаны «6D02300 – Лингвистика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп санаймыз.

Рецензент:
филология ғылымдарының
докторы

« 09 » желтоқсан 2020ж.



А.Ә.Жаңабекова

